

Отүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Жамбыл Қаптаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2017 оқу жылындағы кітапхананың **ақпан айының** айлық мәліметі

Сара Назарбаева Алтысқызына арналған «Мейірім төгетін ана» тақырыбында видео ролик, көрме, газет ұйымдастырылды. Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, баланың мейірімді сөздер айту қабілетін арттыру, кішіпейілдікке, бауырмалдылыққа тәрбиелеу. Сара Алтысқызы туралы, ол кісінің адамгершілік қасиеттері арқылы қайырымдылыққа тәрбиелеу



Оқушылардың кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыын, шығармашылық қабілетін арттыру. Оқушыларға кітапхананың кітап қорын қалай пайдалана білуге үйрету. Оқушылар оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Кітапхана заман талабына сай болуы. ЭКСПО-2017 «Болашақ энергияға бастар жол» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Келген оқушыларға жасалынған көрмелерді толық таныстырылып отырылды.



«Ұлт тілін ұлықтаған» Ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш өткізілді. Ақын өмірі мен шығармашылығынан мәлімет бере отырып, қазақтың кара өлеңін құдыретін таныту. Өлеңді бағалауға қадірлеуге және құдыреттілігін сезіндіру.